

"Білім беру жүйесіне тексеру жүргізу бойынша тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 719 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 843 бірлескен бұйрығына өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 15 қарашадағы № 632 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 15 қарашадағы № 71 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 16 қарашада № 17754 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Білім беру жүйесіне тексеру жүргізу бойынша тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 719 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 843 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12777 болып тіркелген, "Әділет" нормативті-құқықтық актілер ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 3 ақпанда жарияланған) мынадай өзгерістер және толықтырулар енгізілсін:

1-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Жалпы орта білім берудің бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қатысты білім беру жүйесін мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы";

4) және 5) тармақшалар алынып тасталсын;

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген білім беру жүйесіне тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жазылсын;

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қатысты білім беру жүйесін мемлекеттік бақылау саласындағы Тексеру парағында:

реттік нөмірі 2-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

2	Білім беру ұйымдарында саяси партиялар мен діни ұйымдардың (бірлестіктердің) ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың қызметіне тыйым салу бөлігінде мемлекеттік саясат қағидатының сақталуы (өтініш болған кезде тексеріледі)
---	--

реттік нөмірлері 5, 6, 7-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

5	Білім беру мониторингінің шеңберінде әкімшілік деректер нысандары бойынша ақпараттардың дұрыс және толық берілуі
6	Оқу жоспарларында білім беру салаларының болуы және сағат санының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес болуы
7	Білім беру ұйымымен бекітілген перспективтік жоспарында педагог-мамандары, тәрбиешілерінің бекітілген ортақ тақырыптарының қатаң сәйкестігі, циклограмманың (жұмысын уақытын, балалар өмір сүруін ұйымдастыру, сабақ кестесінің, педагог-мамандардың бірлескен қызметі үшін варитативті бөлігін бақылау), жас ерекшелігі топтары бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет кестесінің, күн тәртібінің болуы, оқу жүктемесінің, ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы үлгілік оқу жоспарға сәйкес келетіндігін растайтын құжаттардың болуы

”;

реттік нөмірі 10-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

10	Баланың жас ерекшелігіне сәйкес балалардың ептіліктері мен дағдыларының дамуын қадағалайтын материалдардың болуы (электрондық және қағаз түріндегі бақылау парағы, даму жеке картасы – диаграммалар, әдіскердің жинақ есебі, балалардың жұмыстары)
----	--

”;

реттік нөмірлері 14, 15-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

14	Жоспарлау құжаттарының (білім беру ұйымының жылдық жоспары, тәрбишілер мен педагог-мамандардың күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары) мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес келуі
15	Бір жастан бастап мектеп жасына дейін жеткенше тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамуындағы ауытқуды түзету және әлеуметтік бейімдеу бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын, мемлекеттік қаржыландыратын қызмет көрсету көлемінде, оның ішінде балаларға инклюзивті білім беруді іске асыру үшін растайтын материалдарының (білім беру ұйымы мен басқару органы арасындағы шарт, ғимараттың қуаты жобасын растайтын құжаттардың болуы, мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы әкімдіктің қаулысы, тәрбиеленушілердің тізімдік құрамы) болуы

”;

реттік нөмірі 17-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

17	Тиісті бейіні бойынша педагогикалық білімі бар педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілуін растайтын білім беру ұйымымен бекітілген педагогикалық қызметкерлердің тарифтеу тізімдерінің және диплом мен қосымша көшірмелерінің болуы
----	--

”;

реттік нөмірі 21-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

21	Мемлекеттік мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымының педагог қызметкерлер саны мен тізбесінің мемлекеттік мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарына және педагог қызметкерлер мен оларға тенестірілген адамдар лауазымдарының тізбесіне сәйкес келуі
----	--

”;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 26-жолмен толықтырылсын:

"

--	--

26	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының оқу-дидактикалық құралдарының және әдістемелік ұсынымның, олардың "Денсаулық", "Коммуникация", "Таным", "Шығармашылық", "Социум" білім беру салаларын іске асыру үшін балалардың жас ерекшелігіне сәйкестігінің болуы
----	--

”;

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген жалпы орта білім берудің бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қатысты білім беру жүйесін мемлекеттік бақылау саласындағы Тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бірлескен бұйрыққа 4 және 5-қосымшалар алынып тасталсын;

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қатысты білім беру жүйесін мемлекеттік бақылау саласындағы Тексеру парағында:

реттік нөмірлері 5, 6-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

”

5	Білім беру ұйымдарында саяси партиялар мен діни ұйымдардың (бірлестіктердің) ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың қызметіне тыйым салу бөлігінде мемлекеттік саясат қағидатының сақталуы (өтініш болған кезде тексеріледі)
6	Білім беру процесін саяси үгіттеу, діни насихат жүргізу немесе білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу үшін пайдалану тыйымын сақтау (өтініштер болған жағдайда тексеріледі)

”;

реттік нөмірі 10-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

10	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келетін жұмыс оқу жоспарларының болуы
----	--

”;

реттік нөмірі 19-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

19	Сабақ беретін пәніне тиісті бейіні сәйкес келетін базалық жоғары, техникалық және кәсіптік білімі бар инженерлік-педагогикалық кадрлармен, сонымен қатар, қажеттілік болған жағдайда сабақ беретін пәніне тиісті бейіні сәйкес келетін базалық жоғары, техникалық және кәсіптік білімі бар өндірістің білікті мамандарымен қамтамасыз етілгендігін растайтын диплом мен қосымша көшірмелері және педагогикалық қызметкерлердің білім беру ұйымдары бекіткен тарифтік тізімдерінің болуы
----	---

”;

реттік нөмірі 28-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

28	Білім беру мониторингінің шеңберінде әкімшілік деректер нысандары бойынша дұрыс және толық ақпараттың болуы
----	---

”;

реттік нөмірі 30-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

30 Мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің саны және тізбесінің мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарына және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесіне сәйкес келуі

”;

реттік нөмірі 38-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

Тұлғалардың төмендегідей мерзімдерде оқуға қабылдау туралы өтініштерін тіркеу журналдарының б о л у ы :

38 1) орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқудың күндізгі нысанына 20 маусым мен 20 тамыз аралығында, оқудың кешкі және сырттай нысанына 20 маусым мен 20 қыркүйек аралығында; өнер және мәдениет мамандықтары бойынша 20 маусым мен 20 шілде аралығында;
2) білікті жұмысшы кадрлар даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқудың күндізгі нысанына 20 маусым мен 20 тамыз аралығында, оқудың кешкі нысанына 20 маусым мен 20 қыркүйек аралығында;
3) орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқудың күндізгі нысанына 20 маусым мен 20 тамыз аралығында, оқудың кешкі нысанына 20 маусым мен 20 қыркүйек аралығында

”;

реттік нөмірі 39-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

39 Талапкерлердің білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау туралы өтінішіне қоса төмендегідей құжаттардың болуы: білімі туралы құжаттың түпнұсқасы, № 086-У нысаны бойынша медициналық анықтама, флюорография суретімен (I және II топтағы мүгедектер мен бала жасынан мүгедектер үшін медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысы), 3x4 көлемдегі 4 сурет, кешенді тестілеу немесе ұлттық бірыңғай тестілеудің нәтижелері туралы сертификаттар, жеке куәліктің көшірмесі, шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар мәртебесін анықтайтын, тұрғылықты жерге тіркелдігі туралы белгісі бар құжат:

1) шетелдік – шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтияр хаты;
2) азаматтығы жоқ тұлға – азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі;
3) бос қын – бос қынның куәлігі;
4) пана іздеуші тұлға – пана іздеуші тұлғаның куәлігі;
5) оралман – оралман куәлігі

”;

реттік нөмірі 43-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

43 Хаттамаларда білікті жұмысшы кадрлар даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқудың күндізгі нысанына түсетін тұлғалар үшін әңгімелесудің 1 тамыз бен 28 тамыз аралығында, оқудың кешкі нысанына 1 тамыз бен 25 қыркүйек аралығында өткізу мерзімдеріне сәйкес болуы

”;

реттік нөмірі 48-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

48 25 тамыз бен 30 тамыз аралығында негізгі орта немесе жалпы орта білімі туралы құжаттарда көрсетілген бейіндік пәндер бойынша бағалары, әңгімелесулер нәтижелері ескеріле отырып, іріктеу негізінде білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау туралы жеке кәсіптер, мамандықтар бойынша қабылдау комиссиясының ашық отырыстары хаттамаларының болуы

”;

реттік нөмірі 50-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

50	Білім алушыларды курстан курсқа, бір білім беру ұйымынан екіншісіне, бір оқу нысанынан екінші нысанға, бір тілдік бөлімнен екінші тілдік бөлімге, бір мамандықтан екінші мамандыққа, ақылы негізде оқудан мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқуға ауыстыруға 4 оқу пәнінен аспайтын академиялық айырмашылық болғанда жол беру талабының сақталуын растайтын құжаттардың болуы
----	---

";

реттік нөмірі 66-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

66	"Қанағаттанарлықсыз" (сынақтан өткен жоқ) деген баға алған жағдайда емтиханды қайта тапсыруға, пәнді жүргізетін оқытушыға, модуль шеңберінде оқытушыларға белгіленген мерзімде бөлім меңгерушісінің жазбаша түрде рұқсаттың болуы (немесе сабақ беретін оқытушы болмаған жағдайда, осы пәннің (модульдің) бейініне сәйкес біліктілігі бар басқа оқытушыға тапсыруға болады)
----	---

";

реттік нөмірі 71-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

71	Диплом жобасын қорғау немесе қорытынды емтихан тапсыру кезінде "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған тұлғаға қорытынды аттестаттауды қайта тапсыруға немесе мерзімін белгіленген қорытынды емтиханды қайта тапсыру "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған пән және (немесе) модуль бойынша қорытынды аттестаттау комиссиясының рұқсат беру туралы шешімі
----	---

";

реттік нөмірі 74-жол алынып тасталсын;

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген қосымша білім беретін білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қатысты білім беру жүйесін мемлекеттік бақылау саласындағы Тексеру парағы:

реттік нөмірлері 3, 4-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

3	Білім беру ұйымдарында саяси партиялар мен діни ұйымдардың (бірлестіктердің) ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың қызметіне тыйым салу бөлігінде мемлекеттік саясат қағидатының сақталуы (өтініш болған кезде тексеріледі)
4	Білім беру процесін саяси үгіттеу, діни насихат жүргізу немесе білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу үшін пайдалану тыйымын сақтау (өтініштер болған жағдайда тексеріледі)

";

реттік нөмірі 11-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

11	Сабақ беретін пәніне тиісті бейіні білім беру ұйымының бейініне сәйкес келетін жоғары, техникалық және кәсіптік білімі бар, педагогикалық мамандармен қамтамасыз етілгендігін растайтын дипломдар мен қосымшаларының көшірмелері және педагогикалық қызметкерлердің білім беру ұйымдары бекіткен тарифтік тізімдерінің болуы
----	--

";

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қатысты білім беру жүйесін мемлекеттік бақылау саласындағы Тексеру парағы:

реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

1	Жоғары оқу орны ректорының (басшысының) қызметтік міндеттерін орындауы (өтініштер болған жағдайда тексеріледі)
---	--

”;

реттік нөмірі 43-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

43	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үлгілік оқу жоспарларына сәйкес мемлекеттік және орыс тілдеріндегі әзірленген оқу жоспарының бар болуы
----	--

”;

реттік нөмірі 64-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

64	Бакалавриат бағдарламалары бойынша оқуға түсушілердің жеке істерінің болуы (оқуға қабылдау туралы өтініш, білім туралы құжатының түпнұсқасы, 3x4 көліміндегі 6 фотосурет, № 086-У нысанындағы медициналық анықтама, Ұлттық бірыңғай тестілеу (бұдан әрі – ҰБТ) немесе кешенді тестілеу (бұдан әрі – КТ) сертификаты, жеке куәлік көшірмесі, еңбек кітапшасы немесе ұйымның мөрі және басшының қолы қойылған қызметтік тізім немесе еңбек қызметі туралы мәліметтерді қамтитын архивтік анықтаманың болуы
----	--

”;

реттік нөмірі 68-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

68	Шетелдік білім беру ұйымдары тарапынан берілген, оқуға қабылдаудан кейін нострификация рәсіміне бірінші семестр ішінде жасалған өтініш қорытындысы бойынша берілген білім туралы құжатты тану немесе нострификациялау куәлігінің болуы
----	--

”;

реттік нөмірі 70-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

70	Білім алушының шетелдік білім беру ұйымынан ауыстырылған немесе қайта қабылданған кезде: 1) меңгерілген оқу бағдарламалары туралы құжаттың (академиялық анықтама немесе транскрипт); 2) Нострификациялау рәсімінен өтуі тиіс білім берудің алдыңғы деңгейін аяқтағаны туралы құжат; 3) шетелдік білім беру ұйымдарына түсу алдындағы сынақ нәтижелерінің болуы
----	---

”;

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген білім беруді басқару органдарына қатысты білім беру жүйесін мемлекеттік бақылау саласындағы Тексеру парағында:

реттік нөмірлері 1, 2, 3-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

1	Білім бөлімдерінің, облыстық білім беру ұйымдарының техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім туралы мемлекеттік үлгідегі бланкілерінің жұмсалуды туралы жыл сайынғы есебінің болуы
2	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім, арнайы оқу және мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру және тарату бойынша шараларды қабылдау үшін материалдардың болуы
3	Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ұсыныстарын ескере отырып, техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға (білім басқармалары үшін) мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру

”;

реттік нөмірі 8-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

8 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің, балаларға қосымша білім беру жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру, тарату бойынша шараларды қабылдау туралы (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармалары үшін) материалдардың болуы

";

реттік нөмірі 12-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

12 Бастауыш негізгі орта және жалпы орта білім беру, сондай-ақ жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, қосымша білім беру бағдарламаларын жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру және тарату бойынша материалдардың (білім бөлімдері үшін) болуы

";

реттік нөмірі 15-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

15 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, ата-ана төлемдерінің мөлшерін бекіту (республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім бөлімдері, білім басқармалары үшін)

";

реттік нөмірі 17-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

17 Негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім туралы мемлекеттік үлгідегі бланкілерінің жұмсалуды туралы жыл сайынғы есебінің болуы (білім бөлімдері)

";

реттік нөмірі 19-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

19 Азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізудің объективтілігін растайтын (хаттамалар, өтініштер) материалдардың болуы

";

реттік нөмірлері 24, 25-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

24 Білім беру ұйымдарында лауазымдық қызметтегі педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды тиісті кезеңге аттестатталатындардың тізімдік құрамына енгізу бойынша алқалы органның объективтілігін растайтын құжаттардың (кіріс құжаттарды тіркеу журналы, өтініш) болуы

25 Аттестатталушылардың ұлттық біліктілік тестілеуге жіберілуінің объективтілігін растайтын (жеке куәліктің және білімі туралы дипломның көшірмелері; еңбек қызметін растайтын құжаттарды, біліктілікті арттыру курсынан өтуі, бұрын берілген біліктілік санатының болуы) құжаттардың болуы

";

реттік нөмірі 29-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Мемлекеттік кәсіпорынның басшысы қызметіне үміткерлердің қажетті құжаттар пакетінің болуы:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) казак және орыс тілдерінде түйіндеме;

- 29) 3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
4) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;
6) денсаулық жағдайы туралы анықтама

”;

реттік нөмірі 38-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

- 38) Мемлекеттік орта білім беру мекемесінің басшысы қызметіне үміткерлердің қажетті құжаттар пакетінің болуы:
- 1) конкурстық комиссия төрағасы атына тұрғылықты тіркеу орнын, нақты тұратын жерін, байланыс телефондарын көрсетумен қоса өтініш;
 - 2) нотариалды куәландырылған жеке тұлғаны куәландыратын құжат көшірмесі;
 - 3) нотариалды куәландырылған білім туралы құжат көшірмесі;
 - 4) нотариалды куәландырылған еңбек кітапшасының көшірмесі;
 - 5) бұрынғы жұмыс орны кадр қызметі куәландырған фотомен кадрды есепке алу жөніндегі жеке парақ;
 - 6) бар жазалар мен көтермелеулерді көрсете отырып бұрынғы жұмыс орнынан өндірістік мінездеме;
 - 7) нотариалды куәландырылған біліктілік санаты бар немесе ғылыми дәрежесі туралы құжат көшірмесі;
 - 8) медициналық анықтама;
 - 9) сотты болмағандығы туралы анықтама

”;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 40-жолмен толықтырылсын:

”

- 40) Аттестатталушылардың берілген біліктілік санаттарына сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы аттестаттау комиссиясының шешімінің объективтілігін растайтын материалдардың (портфолионың, ұлттық біліктілік тестілеуден өткені туралы анықтама) болуы

”;

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрықты мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бірлескен бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі _____ Е. Сағадиев	Қазақстан Респуб. Ұлттық экономик _____ Т. Сү.
---	--

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 15 қарашадағы
№ 632 және

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 15 қарашадағы
№ 71 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 719 және

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 843 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

Білім беру жүйесіне тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Білім беру жүйесіне тексеру бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу мақсатында бақылау субъектісін (объектісін) іріктеу үшін білім беру жүйесіне тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне, 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы "Білім туралы" заңына және 2018 жылғы 31 шілдедегі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының "Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын және тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес әзірленген.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бағалау кезеңі – есепті деректердің, автоматтандырылған ақпараттық жүйелер мониторингі нәтижелерінің негізінде субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдерді бағалау жүргізілетін белгілі бір уақыт кезеңі;

2) білім беру саласындағы бақылау объектілері – мемлекеттік бақылауға жататын бақылау субъектілерінің меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негізде болатын мүлкі;

3) білім беру саласындағы бақылау субъектілері - мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын қызмет үшін оның ішінде мемлекеттік органдар, заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері, жеке тұлға, заңды тұлға;

4) болмашы бұзушылық – білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру бойынша талаптардың бұзылуы;

5) елеулі бұзушылық – білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген білім беру процесін жүргізу үшін жағдайлар жасау бойынша бұзушылық талаптары;

6) өрескел бұзушылық – білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген білім беру процесі сапасының төмендеуіне әкелетін немесе оны растайтын; педагогтардың сапалық құрамының сәйкестігі бойынша білім беру қызметіне қойылатын хаюарландыру тәртібі мен біліктілік талаптарын сақтау бойынша бұзушылық талаптары;

7) тексеру парағы – бақылау субъектілерінің қызметіне қойылатын талаптарды қамтитын, олардың орындалмауы жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттің заңды мүдделеріне қауіп төндіретін талаптардың тізбесі;

8) тәуекел – бақыланатын субъекті қызметінің нәтижесінде, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне және оның салдарының дәрежесіне есепке зиян келтіру ықтималдығы;

9) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – тексерілетін субъектінің тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты тексерілетін субъектілерді (объектілерді) әртүрлі тәуекел дәрежесіне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;

10) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке тексерілетін субъектіге (объектіге) тікелей байланыссыз тексерілетін субъектілерді (объектілерді) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

11) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттары) – нақты тексерілетін субъектінің (объектінің) қызмет нәтижелеріне байланысты тексерілетін субъектілерді (объектілерді) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

12) тәуекелдерді бағалау жүйесі –бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды белгілеу мақсатында бақылау органы жүргізетін іс-шаралар кешені.

3. Өлшемшарттар объективті және субъективті өлшемшарттар арқылы қалыптасады

2-тарау. Объективті өлшемшарттар

4. Тексерілетін субъектілер (объектілер) келесі объективті өлшемшарттардың біреуі ескеріле отырып (жоғары және жоғары дәрежеге жатқызылмаған) тәуекел дәрежелері бойынша бөлінеді:

1) тәуекел дәрежесі жоғары топқа "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Заңының 5-бабының 5-1) тармақшасына сәйкес бекітілген білім беру қызметін мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес жүргізетін бақылау субъектілері (объектілері) жатады.

Оларға мынадай ұйымдар жатады:

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары;

бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары;

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары;

жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары.

Жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілерге (объектілерге) қатысты жоспардан тыс тексерулер, бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау қолданылады;

2) қосымша білім беру қызметін жүргізетін немесе білім беруді басқаруды жүзеге асыратын бақылау субъектілеріне (объектілері) жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылмаған топқа жатады.

Жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылмаған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты жоспардан тыс тексерулер және бармай жүргізілетін профилактикалық бақылау қолданылады.

5. Жоғары тәуекел дәрежесіне жататын бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу мақсатында субъективті өлшемшарттар қолданылады.

6. Тәуекел дәрежесін анықтау үшін үшін келесі ақпарат көздері қолданылады:

1) бақылау субъектісі ұсынатын, оның ішінде автоматтандырылған ақпараттық жүйелер арқылы ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері;

2) бұрынғы тексерулер мен бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау нәтижелері пайдаланылады.

3-тарау. Субъективті өлшемшарттар

7. Субъективті өлшемшарттары осы Өлшемшарттарға қосымшаларға сәйкес айқындалады.

8. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің субъективті өлшемшарттарды бағалау осы Өлшемшарттарға қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

9. Талдау және бағалау кезінде белгілі бір бақылау объектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және қолданылатын субъективті критерийлер туралы деректер немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шектеу мерзімі аяқталған деректер қолданылмайды.

10. Ықтимал тәуекел мен проблеманың маңыздылығына, бұзылудың бір немесе көп реттік сипатына байланысты бұзушылық дәрежесіне – өрескел, елеулі және болмашы дәрежелерге сәйкес келетін субъективті өлшемшарттар айқындалады..

Бұл ретте бұзушылық дәрежесі (өрескел, елеулі, болмашы) өрескел, елеулі, болмашы бұзушылықтардың белгіленген анықтамаларына сәйкес беріледі.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі.

11. Бақылау субъектісін (объектісін) тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Бір өрескел бұзушылық болған жағдайда тексерілетін субъектіге (объектіге) 100 тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты ішінара тексеру жүргізіледі.

Егер өрескел бұзушылық анықталмаса, онда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін анықтау үшін елеулі және болмашы бұзушылықтар бойынша қосынды көрсеткіш есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде

0,7 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$\sum P_3 = (\sum P_2 \times 100 / \sum P_1) \times 0,7$$

мұндағы:

$\sum P_3$ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

$\sum P_1$ – елеулі бұзушылықтардың жалпы саны;

$\sum P_2$ – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны;

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде коэффициент 0, 0,3 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$\sum P_H = (\sum P_2 \times 100 / \sum P_1) \times 0,3$$

мұндағы:

$\sum P_H$ – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

$\sum P_1$ – болмашы бұзушылықтардың жалпы саны;

$\sum P_2$ – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны;

0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы анықталады $\sum P = \sum P_3 + \sum P_H$

мұндағы:

$\sum P$ – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

$\sum P_3$ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

$\sum P_H$ – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

12. Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектісі (объектісі) мыналарға жатады:

1) 0-ден 60-қа дейінгі тәуекел дәрежесінің көрсеткіші кезінде субъектісіне (объектісіне) барып арқылы профилактикалық бақылаудан босатылады;

2) 61-тан 100-ге дейінгі тәуекел дәрежесінің көрсеткіші кезінде субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан босатылмайды.

13. Бару арқылы профилактикалық бақылауды жүргізу мерзімділігі субъективті өлшемшарттары бойынша алынатын мәліметтерді талдау және бағалау нәтижелері бойынша айқындалады және жылына бір реттен жиі емес жүзеге асырылады.

14. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодекстің 141-бабының 3-тармағына сәйкес құрылатын бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың жарты жылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

15. Білім беру қызметін жүзеге асыратын ұйымдар үшін Өлшемшарттарда пайдаланатын бағалау кезеңі бір оқу жылын құрайды.

16. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеретін профилактикалық бақылау тізімдері субъективті өлшемшарттары бойынша ең жоғары тәуекел дәрежесі көрсеткіші бар тексерілетін субъектілердің (объектілердің) басымдығын ескере отырып жасалады.

Субъективті өлшемшарттар

р/с №	Өлшемшарттар	Бұзушылықтардың дәрежесі
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін		
Бақылау субъект (объект), оның ішінде Ұлттық білім беру деректер қоры (ҰБДҚ) арқылы ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері		
1	Білім беру мониторингінің шеңберінде әкімшілік деректер нысандары бойынша ақпараттардың қате және толық емес ұсынылуы немесе ұсынылмауы	елеулі
2	Жас ерекшелігі бойынша топтарды жинақтау кезінде жас ерекшеліктерінің кезеңдерге бөлуінің сақталмауы (әртүрлі жастағы топтарды қоспағанда)	болмашы
3	Тәрбиеленушілер контингентінің жас мөлшерлерінің мектепке дейінгі ұйым түріне сәйкес келмеуі	елеулі
4	Спорттық және музыкалық іс-шараларды өткізуге арналған үй-жайларының болмауы	болмашы
5	Топтағы тәрбиеленушілер толымдылығының нормадан жоғары болуы	болмашы
6	Білім беру ұйымында жұмысқа тиісті бейіні немесе атқаратын лауазымына сәйкес арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білімі жоқ тұлғалардың жұмысқа жіберілу фактісінің болуы	өрескел
7	Мемлекеттік электрондық тіркеу тізілімінде рұқсаттар мен хабарламалардың болмауы	өрескел
8	Мамандардың болмау себепті мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарында қарастырылған білім беру бойынша ұйымдастырылған оқу жұмысының орындалмауы	өрескел
9	Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болмауы	болмашы
10	Педагог қызметкерлердің аттестаттаудан өту мерзімдерін бұзуы	болмашы
11	Мемлекеттік мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында педагогикалық жұмыскерлер саны мен тізбесінің үлгі штаттарына және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесіне сәйкес келмеуі	болмашы
Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы бұрынғы профилактикалық бақылаудың нәтижелері		
1	Педагог қызметкердің педагогтік әдеп нормалары мен міндеттерін орындауы (өтініштер болған жағдайда тексеріледі)	өрескел
2	Білім беру ұйымдарында саяси партиялар мен діни ұйымдардың (бірлестіктердің) ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың қызметіне тыйым салу бөлігінде мемлекеттік саясат қағидатының сақталуы (өтініш болған кезде тексеріледі)	өрескел
3	Мектепке дейінгі ұйымның әкімшілік кадрлардың, педагог және ғылыми қызметкерлердің кемінде бес жылда бір рет біліктілік арттыруын растайтын сертификаттардың, куәліктердің немесе басқа да құжаттардың болуы	болмашы
4	Педагог қызметкерлердің бес жылда бір рет аттестаттаудан өткендігін/берілуін растайтын куәліктердің, бұйрықтардың, куәліктерді беру және тіркеу туралы журналдарының болуы	елеулі
5	Білім беру мониторингінің шеңберінде әкімшілік деректер нысандары бойынша ақпараттардың дұрыс және толық берілуі	елеулі
6	Оқу жоспарларында білім беру салаларының болуы және сағат санының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес болуы	өрескел

7	Білім беру ұйымымен бекітілген перспективтік жоспарында педагог-мамандары, тәрбиешілерінің бекітілген ортақ тақырыптарының қатаң сәйкестігі, циклограмманың (жұмысын уақытын, балалар өмір сүруін ұйымдастыру, сабақ кестесінің, педагог-мамандардың бірлескен қызметі үшін варитативті бөлігін бақылау), жас ерекшелігі топтары бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет кестесінің, күн тәртібінің болуы, оқу жүктемесінің, ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы үлгілік оқу жоспарға сәйкес келетіндігін растайтын құжаттардың болуы	елеулі
8	"Денсаулық", "Коммуникация", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеуметтік орта" білім беру салаларын жүзеге асыру үшін заттық-кеңістіктік дамытушы ортасының болуы	өрескел
9	Мектепке дейінгі тәрбиемен, оқытумен қамтылған және қамтылмаған балалардың дамуы және оларды тәрбиелеу жөнінде ата-аналар үшін өткізілген кенестерді растайтын материалдарының болуы	болмашы
10	Баланың жас ерекшелігіне сәйкес балалардың ептіліктері мен дағдыларының дамуын қадағалайтын материалдардың болуы (электрондық және қағаз түріндегі бақылау парағы, даму жеке картасы – диаграммалар, әдіскердің жинақ есебі, балалардың жұмыстары)	елеулі
11	Топтарды жинақтау кезінде балалардың жас ерекшеліктерінің сақталғандығын растайтын топтар бойынша балалар тізімдерінің болуы (әртүрлі жастағы топтарды қоспағанда)	елеулі
12	Мемлекеттік ақпараттық рұқсаттар және хабарламалар жүйесі арқылы қызметін бастағаны туралы хабарламаны қабылдау талонының болуы	өрескел
13	Білім беру ұйымының құрылтайшылық және құқық белгілеуші құжаттарының болуы	елеулі
14	Жоспарлау құжаттарының (білім беру ұйымының жылдық жоспары, тәрбишілер мен педагог-мамандардың күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары) мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес келуі	елеулі
15	Бір жастан бастап мектеп жасына дейін жеткенше тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамуындағы ауытқуды түзету және әлеуметтік бейімдеу бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын, мемлекеттік қаржыландыратын қызмет көрсету көлемінде, оның ішінде балаларға инклюзивті білім беруді іске асыру үшін растайтын материалдарының (білім беру ұйымы мен басқару органы арасындағы шарт, ғимараттың қуаты жобасын растайтын құжаттардың болуы, мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы әкімдіктің қаулысы, тәрбиеленушілердің тізімдік құрамы) болуы	елеулі
16	Білім беру ұйымымен бекітілген алқалық органдардың (педагогикалық, қамқоршылық кеңестердің) қызметін растайтын жұмыс жоспарлары мен отырыстар хаттамаларының болуы	елеулі
17	Тиісті бейіні бойынша педагогикалық білімі бар педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілуін растайтын білім беру ұйымымен бекітілген педагогикалық қызметкерлердің тарифтеу тізімдерінің және диплом мен қосымша көшірмелерінің болуы	өрескел
18	М ы н а л а р д ы ң : 1) медициналық қарсы көрсетілімдері жоқ; 2) психиатриялық және (немесе) наркологиялық диспансерде есепте тұрмаған; 3) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген шектеулері жоқ тұлғалардың білім беру ұйымдарына жұмысқа жіберілгендігін растайтын құжаттарының болуы	өрескел
	Мектепке дейінгі ұйымның басшысы немесе өзге де лауазымды тұлғаның оқу-тәрбие процесі барысында білім беру ұйымы тәрбиеленушілерінің, білім	

19	алушылар мен қызметкерлерінің өмірлері мен денсаулықтарын қорғау бойынша лауазымдық міндеттерін орындауы (өтініш болған жағдайда тексеріледі)	өрескел
20	Мектепке дейінгі ұйымның Жарғысымен анықталған функциялардың орындалуы (өтініш болған жағдайда тексеріледі)	өрескел
21	Мемлекеттік мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымының педагог қызметкерлер саны мен тізбесінің мемлекеттік мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарына және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесіне сәйкес келуі	елеулі
22	Мектепке дейінгі ұйым мен ата-аналар немесе ата-аналардың заңды өкілдері арасындағы өзара қарым-қатынасты реттейтін шарттардың болуы	елеулі
23	Білім беру ұйымымен бекітілген ішкі тәртіп қағидасының, қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарының болуы	болмашы
24	Мектепке дейінгі ұйымдарда медициналық, санаториялық-курорттық немесе өзге де ұйымдарда науқастану, емделу және сауықтырылу кезеңінде немесе ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің еңбек демалысы кезінде бала орнының сақталуы (өтініш болған жағдайда тексеріледі)	елеулі
25	Балалардың бір айдан астам келмегендігі туралы қатысу журналына белгі қойылған, сонымен қатар, әкімшілікті ескертпеген және дәлелді себептерді растайтын құжаттардың болмауы жағдайында оларды мектепке дейінгі ұйымнан шығару (өтініш болған жағдайда тексеріледі)	болмашы
26	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының оқу-дидактикалық құралдарының және әдістемелік ұсынымның, олардың "Денсаулық", "Коммуникация", "Таным", "Шығармашылық", "Социум" білім беру салаларын іске асыру үшін балалардың жас ерекшелігіне сәйкестігінің болуы	болмашы
Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім бері ұйымдары үшін		
Бақылау субъект (объект), оның ішінде Ұлттық білім беру деректер қоры (ҰБДҚ) арқылы ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері		
1	Білім беру мониторингінің шеңберінде әкімшілік деректер нысандары бойынша ақпараттардың қате және толық емес ұсынылуы немесе ұсынылмауы	елеулі
2	Білім беру ұйымында жұмысқа тиісті бейіні немесе атқаратын лауазымына сәйкес арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білімі жоқ тұлғалардың жұмысқа жіберілу фактісінің болуы	өрескел
3	Жүзеге асыратын білім беру деңгейі бойынша білім беру қызметіне лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның болмауы	өрескел
4	Б а с т а у ы ш б і л і м б е р у ү ш і н : Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы мұғалімдердің үлесі олардың жалпы санынан кемінде 25% -ды құрайды. Негізгі орта және жалпы орта білім беру үшін: Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы мұғалімдердің үлесі олардың жалпы санынан кемінде 35 %	өрескел
5	Мамандардың болмау себепті білім беру ұйымның жұмыс оқу жоспарындағы оқытылмайтын пәндердің болуы	өрескел
6	Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болмауы	болмашы
7	Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болмауы немесе білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкестігі туралы қорытындысыз жұмыс жасауы	болмашы
8	Оқу үрдісінде пайдаланылатын және Интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптардың болмауы	елеулі

9	Спорт залының болмауы	болмашы
10	Сынып жинақтау тәртібінің сақталмауы, оның ішінде сынып толымдылығы нормаларының бұзылуы	болмашы
11	Басқа сыныптармен біріктірілген бірінші немесе бітіруші сыныптардың болуы	елеулі
12	Мектепте үш ауысымды оқытудың болуы	болмашы
13	Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация ұсынымдарынсыз келесі сыныпқа көшірілмеген 1-сынып оқушысының болуы	өрескел
14	Оқу бағдарламасын игермегендігі үшін екі жыл бір сыныпта қалған оқушылардың болуы	болмашы
15	Оқу жетістіктерін сырттай бағалау (бұдан әрі – ОЖСБ) пәндері бойынша сұрақтардың жалпы санынан дұрыс жауаптардың 50 пайызынан кем алған бітіруші сынып (4, 9, 11) білім алушылардың болуы	өрескел
16	Пәндік кабинеттердің (физика, химия, биология, информатика) болмауы (негізгі орта, жалпы орта білім беру үшін)	елеулі
17	Интерактивті тақталардың болмауы	болмашы
18	Оқу шеберханаларының болмауы (негізгі орта, жалпы орта білім беру үшін)	болмашы
19	Кітапхананың болмауы	болмашы
20	Қорытынды аттестаттау пәндері бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған бітірушілердің болуы (негізгі орта, жалпы орта білім беру үшін)	елеулі
21	Педагог қызметкерлердің аттестаттаудан өту мерзімдерін бұзуы	болмашы
22	Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері саны және тізбесінің мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарына және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесіне сәйкес келмеуі	болмашы
Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы бұрынғы профилактикалық бақылаудың нәтижелері		
1	Білім беру ұйымының құрылтайшылық және құқық белгілеуші құжаттарының бар болуы	елеулі
2	Білім беру мониторингінің шеңберінде әкімшілік деректер нысандары бойынша дұрыс және толық ақпараттың болуы	елеулі
3	Педагог қызметкердің педагогтік әдеп нормалары мен міндеттерін орындауы (өтініштер болған жағдайда тексеріледі)	өрескел
4	Білім беру ұйымдарының басшы кадрларының, педагог және ғылыми қызметкерлерінің кемінде бес жылда бір рет біліктілігін арттырғандығын растайтын сертификаттардың, куәліктердің немесе басқа да құжаттардың болуы	болмашы
5	Білім беру ұйымдарында саяси партиялар мен діни ұйымдардың (бірлестіктердің) ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың қызметіне тыйым салу бөлігінде мемлекеттік саясат қағидатының сақталуы (өтініштер болған жағдайда тексеріледі)	өрескел
6	Білім беру процесін саяси үгіттеу, діни насихат жүргізу немесе білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу үшін пайдалану тыйымын сақтау (өтініштер болған жағдайда тексеріледі)	өрескел
7	Білім алушылардың білім беру ұйымдары бекіткен міндетті мектеп формасын сақтауы	өрескел
8	Білім беру ұйымның білім алушылардың контингенті бойынша бұйрықтардың және білім алушылардың сыныптар бөлігінде сандық құрамын растайтын білім алушыларды жазатын алфавиттік кітаптың болуы	елеулі

9	Үлгілік оқу жоспарының инварианттық компонентінің орындалуын растайтын оқу жұмыс жоспарларының, сынып журналдарының, сабақ кестелерінің болуы	өрескел
10	Оқу жұмыс жоспарында, сабақ кестелерінде білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің көлемі факультативтік, үйірме, топ және жеке сабақтардың максималды көлемімен сәйкестігі	өрескел
11	Қалалық жалпы орта білім беретін ұйымдарда сынып толымдылығы 24-ке жеткенде немесе одан асқанда, ауылдық жерлерде – 20-ға жеткен кезде немесе одан асқанда шағын жинақты мектептерде – білім алушылар 10-нан кем болмаған жағдайда сынып журналдарында сыныпты екі топқа бөлінуінің болуы: 1) оқыту тілі қазақ тілді емес сыныптардағы қазақ тілі және қазақ әдебиеті б о й ы н ш а ; 2) оқыту тілі орыс тілді емес сыныптардағы орыс тілі мен орыс әдебиеті бойынша; 3) ағылшын тілі және шетел тілі бойынша; 4) ақпараттық-коммуникациялық технология бойынша (1-4 сыныптарда); 5) информатика бойынша (5-11 сыныптарда); 6) өзін-өзі тану бойынша (1-4 сыныптарда); 7) технология, көркем еңбек бойынша (сынып толымдылығына қарамастан ұл және қыз балалар топтары 5-11 сыныптарда); 8) дене шынықтыру бойынша гендерлік принциппен әр топта қалалық жерде 8 ұлдан кем емес (немесе қыз), ауылдық жерде 5 ұлдан кем емес (немесе қыз) (5-11 с ы н ы п т а р д а ғ ы) ; 9) бейіндік пәндер бойынша (10-11 сыныптарда)	елеулі
12	Білім алушылардың білімнің міндетті төменгі шекті көлемі мен олардың шеберлігі мен дағдылары қамтылған оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін анықтайтын бақылау нысандарының жүргізілгендігін растайтын материалдардың болуы. Нақты айқындалған, оқу процесіндегі барлық оқушыларға алдын ала белгілі бағалау критерийлерімен (формативті бағалаудағы табыс критерийі және жиынтық бағалаудағы балдарды қою критерийі) білім алушылардың оқу жетістіктерін білім берудің тиісті мақсаттарымен және мазмұнымен салыстыру арқылы әр тақырыптық бөлім бойынша бағалаудың жүргізілуін растайтын құжаттардың болуы (жаңартылған оқу бағдарламалары бойынша оқыту жүргізілетін сыныптар үшін)	елеулі
13	Денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы білім беру ұйымында оқи алмайтын оқушыларға үйінде ақысыз жеке оқытуды ұйымдастыру туралы бұйрықтың болуы	елеулі
